

Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы
Қарауыл ауылы

Абай атындағы жалпы орта білім
беретін мектеп лицейінің

9Б сынып жетекшісі информатика
пәнінің мұғалімі Сиязқызы Нүргүл

“ЕЛІ СҮЙГЕН, ЕЛІН СҮЙГЕН ЕЛБАСЫ!”





Мақсаты:

«1-ЖЕЛТОҚСАН – ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ КҮНІ» МЕРЕКЕСІНІҢ МӘНІН АШУ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ, ТУЫП ӨСКЕН, ОҚЫП БІЛІМ АЛҒАН, ҚЫЗМЕТ ЕТКЕН ЖЕРЛЕРІ ТУРАЛЫ МАҒЛҰМАТ БЕРУ. ОҚУШЫЛАРДЫҢ БОЙЫНА ЕЛБАСЫНА ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІК, ҚҰРМЕТ СЕЗІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.



Азаптың артта қалды сан ғасыры,
Қазақтың жетті әлемге алғаш үні.
Дүниенің төрт бұрышы түгел көрді
Төрінде көш бастаған Елбасыны





Елбасы – төбендегі бақ жұлдызын,
Қаратты өз аузына жердің жүзін.
Сұңғыла саясатпен сара тіліп,
Ерітті тарихтағы тоңның мұзын.—

ПОЭЗИЯ МИНУТЫ.

Қазақстан егеменді ел, тәуелсіз ел,
Болашаққа нық басып буынған бел.
Көкке өрлеген байрақты телбіреткен,
Қуанышпен шатыққа қадам басты ел.




Шартарапта шаттығындай азат күн,
Ғасыр сүйіп тұрғандайын ғажап күн!
Көк байрағы, Елтаңбасы, бірлігі,
Шалқи берсін Ән ұраны қазақтың!



Төбемнен төңкергендей қара түнді
Түлетті тәулсіздік қанатымды
Елбасы арқасында ел жаңарып,
Арқаға Астанадай қала тұрды.



Астана - қазағымның бас қаласы,
Арқада бой көтерген жас қаласы.
Көшірген Астананы орталыққа
Елбасы Нұрсұлтанның бастамасы.







Халқым күткен елбасының жолдауын

Елбасымыз күткен елдің қолдауы

Бізге керек түсіністік парасат.

Елбасының ойлайтыны – ел қамы

Зиялы елді тебіренту – толғамы.

Қазақ деген елге керек әрдайым

Ерен бірлік, ынтымақтық болғаны.

Халқың айтқан жер көтерер ел даңқын

Елім айтқан ер көтерер жер даңқын,

Президенті аман болғай елбасы

Мәңгі жаса, жасай берсін, Елбасы!





Көрініс


Автор: Танертенгі ас кезі. Жайылған дастархан басында Әлжан ана мен Сұлтан отырады.

Сұлтан: Жеңеше, мен бір керемет түс көрдім.

Анасы: Ол қандай түс, балам?

Сұлтан: Түсімде мына Алакелдінің жотасына бір қап тұзды арқалап шығыпшын. Тұзды жотаға алып шыққаным сол, ауыл жаққа қарасам менің класым да, мектептегі балалар да, осы Шамалған ауылы да төме-е-ен жақтан көрініп тұр. Соны өзімде арқалап шыққан тұзы толы қаптың үстінен қарап отырып көрдім.

Анасы: Балам, сен өте үлкен адам болады екенсің, дәрежең жоғары болады екен. Тұз деген – жақсы нәрсе. Алла тілеуінді берсін, балам. Мансабың жоғары, өрең терең, несібең аса мол, еңсең биік болады екен.




**АСТАНА – ҚАЗАҒЫМНЫҢ БАС ҚАЛАСЫ,
АРҚАДА БОЙ КӨТЕРГЕН ЖАС ҚАЛАСЫ.
КӨШІРГЕН АСТАНАНЫ ОРТАЛЫҚҚА
ЕЛБАСЫ НҰРСҰЛТАННЫҢ
БАСТАМАСЫ**

Тудырған қайталанбас алып тұлға,
Қазақтай бақыты зор халықтың да.
Самғайды алтын топшы самұрығы,
Қанатын болшаққа қағып тура.

Үлкен саясатқа риясыз кездесулер










«Елдің туын желбіреткен Елбасы!».





Мен 21-ғасыр Қазақстанның «алтын ғасыры» боларына сенемін.



Мой Қазақстан

**КЕШІМІЗДІ
ТАМАШАЛАҒАНДАРЫҢЫЗҒА
КӨП РАХМЕТ!**



**Ұйымдастырушылар: 9 А,Б,В
сыныптары**

СЫНЫП ЖЕТЕКШІЛЕРІ

СИЯЗҚЫЗЫ НҰРГҮЛ

ИСКАКОВА БАҚТЫГҮЛ

МАХМЕТОВА ЛАУРА

29-ҚАРАША 2013Ж.